ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 17 сәуір №7119-25-00-2/2492 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Nurgul» басшы Ибраимова Нургуль Нусуповна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Аманкулова А.Ж.
жауапкер Ибраимова Н.Н.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Талапкер), ЖК Nurgul (бұдан әрі – Жауапкер) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде санитарлық қызмет көрсетулерге (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және соларға ұқсас) 770 100 (жеті жүз жетпіс мың бір жүз) теңге соммада 2024 жылғы 30 желтоқсанда №250020/00 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 17-бабы 1-тармақшасына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруды бастау және

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 24.04.2025
Дата вступления в законную силу: 27.05.2025, судья Баймуразина А. А., 27.05.2025
7119-25-3-1/2160

кейіннен жүзеге асыру үшін жарамды рұқсатының болуы немесе осы Заңда белгіленген тәртіппен хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға хабарлама жіберуге міндетті.

Сонымен қатар, 17-бабы 2-тармақшасына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсатты алмай немесе тиісті хабарламаны жібермей жүзеге асыруына жол берілмейді. ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңымен бекітілген 1-қосымшасына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларда денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензия болуы тиіс.

Жауапкердің атына 2025 жылғы 27 қаңтарда лицензияны ұсыну жөнінде және 2025 жылғы 21 ақпанда шағым хаттары жіберілді. Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының талаптарын орындамаған.

Сол себептен шарт 17 наурызда 2025 жылы бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюды мойындамай, талап қою қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Жауапкер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 24.04.2025
Дата вступления в законную силу: 27.05.2025, судья Баймуразина А. А., 27.05.2025
7119-25-3-1/2160

орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Талапкер), ЖК Nurgul (бұдан әрі – Жауапкер) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде санитарлық қызмет көрсетулерге (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және соларға ұқсас) 770 100 (жеті жүз жетпіс мың бір жүз) теңге соммада 2024 жылғы 30 желтоқсанда №250020/00 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Жауапкердің атына 2025 жылғы 27 қаңтарда лицензияны ұсыну жөнінде және 2025 жылғы 21 ақпанда шағым хаттары жіберілді, себебі жеке және заңды тұлғаларда денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензия болуы тиіс.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген ҚР «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының талаптарын орындамаған.

Сол себептен шарт 17 наурызда 2025 жылы бұзылды.

Жауапкер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкерді «Nurgul» басшы Ибраимова Нургуль Нусуповна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап коюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «Nurgul» басшы Ибраимова Нургуль Нусуповна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Nurgul» басшы Ибраимова Нургуль Нусуповна мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 24.04.2025
Дата вступления в законную силу: 27.05.2025, судья Баймуразина А. А., 27.05.2025
7119-25-3-1/2160

азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж. Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 24.04.2025

Дата вступления в законную силу: 27.05.2025, судья Баймуразина А. А., 27.05.2025

7119-25-3-1/2160